

**6D011900- «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолданудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы орындалған Сейлханова Айнур Ергалиевнаның диссертациялық жұмысына ресми рецензент педагогика ғылымдарының кандидаты, доценті Мейрамова Салтанат Акимовнаның**

**СЫН-ШҚІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Ізденуші А.Е. Сейлханованың диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасының бірқатар жалпымемлекеттік ресми құжаттар ретінде Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі Даму стратегиясына, ұлттық жобалар мен «Педагог мәртебесі» туралы заңына, сондай-ақ, «Өмір бойы оқу (үздіксіз білім беру)» тұжырымдамасына негізделеді. Жоғары білім беруді цифрландыру үдерісі бойынша ғылыми білімді толықтыру, сөзсіз, жаңа формациядағы мұғалімдерді даярлаудың сұранысқа ие тәжірибесі болып табылады. Диссертация тақырыбы жалпы ғылыми және жалпымемлекеттік бағдарламалармен үйлесімді байланысы да дәл осылай расталады.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертациялық жұмыс ҚР ҒЖБМ ғылым комитетінің гранттық қаржыландырылған ғылыми жобасының (грант № AP08856918) аясында ізденушінің ғылыми зерттеуі орындалды. Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес орындалған: 1) «Білім беру мен ғылыми саласындағы зерттеулер»; 2) «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласы бойынша зерттеулер».
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс аталған бағыттар бойынша педагогика теориясы мен білім беру практикасында елеулі үлес қосатын ғылыми еңбек. Сондай-ақ, зерттеу жұмысының маңыздылығы болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау үдерісіне бағытталған ғылыми-педагогикалық зерттеулер аясында толығымен ашылған.

3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жоғары;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаған</li> </ol>	<p>Ізденушінің өзі жазу дербестігі және жеке үлесі қол жеткізген ғылыми жетістіктерімен ерекшеленеді, диссертациялық жұмыстың міндеттері орындалды. Цифрлық педагогиканың жұмыс анықтамасы берілді; болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау үдерісінде цифрлық педагогиканы қолдану жолдары айқындалды; тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында теориялық ережелерді практикалық верификациясы ұйымдастырылды және нәтижелердің интерпретациясы жасалды. Соның негізінде ізденушінің өзі жазу деңгейі жоғары деп зерттеудің негізгі нәтижелерін 11 ғылыми еңбекпен расталады, оның ішінде халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдарында, сондай-ақ жоғары рейтингтік отандық және шетелдік журналдарда жариялау арқылы сынақтан өткізу жүзеге асырылды.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) негізделген;</li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) айқындайды;</li> <li>2) жартылай айқындайды;</li> <li>3) айқындамайды</li> </ol> <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сәйкес келеді;</li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді</li> </ol> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толық байланысқан;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі сөзсіз, оның негіздемесі теориялық және практикалық маңыздылығы тұрғыда толығымен ашылды. Алдымен, ізденуші зерттеудің өзектілігін жоғары білім беру жүйесінің парадигмалық өзгерістер жағдайындағы ашып көрсетті. Цифрлық педагогиканың жоғары білім беру жүйесінде өзектенуін Vosviewer бағдарламасы мен әдіснамалық тұғырлар арқылы негіздеді. Келесіде, жаңа формациядағы болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау жолдары ретінде цифрлық педагогиканың қолданысы ретінде технологияны ұтқыр қолданып, оның тиімділігін сынақтан өткізді.</p> <p>«Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолданудың ғылыми-педагогикалық негіздері» атты ізденушінің диссертация тақырыбы диссертация мазмұнында толығымен көрініс тапты. Диссертация мазмұны екі бөлім және ішкі тарауларында айқындалды.</p> <p>Ғылыми аппараттың дұрыс орындалысы айқын. Диссертация мақсатына сай төрт міндет қойылды. Соған сәйкес, төрт міндеттің шешімі мен орындалысы диссертация мазмұны ретінде екі бөлімде көрініс тапты.</p> <p>Диссертацияның барлық бөлімдері логикалық түрде толығымен байланысы айқындалды. «Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолданудың теориялық негіздері» атты бірінші бөлімде ізденуші</p>

		3) байланыс жоқ	цифрлық педагогиканың теориялық негіздерін айқындау үшін цифрлық педагогика ұғымына жұмыс анықтамасын берді; Цифрлық педагог тұжырымдамалық моделі мен цифрлық педагогиканы қолданудың технологиясын әзірлеу арқылы заман талабына сай жаңа формациядағы мамандарды даярлау ғылыми мәселе ретінде қарастырып, оның логикалық байланысы болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау үдерісінде қолданысы ретінде «Цифрлық педагогиканы қолданудың технологиясын сынақтан өткізу бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс» атты екінші бөлімде көрініс тапты.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Диссертацияда сыни талдау жүргізілген. Оның көрінісі цифрлық педагогиканың теориялық негіздеу дәлелдемесіндегі әдеби шолу мен ғылымиметриялық және библиометриялық зерттеу арқылы объективті сыни талдау мен бағалау жүргізіліп, соның негізінде жаңа шешімдер келтірілді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ізденуші ұсынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. Мәселен, жоғары білім беру жүйесі парадигмалық өзгерістер жағдайындағы цифрлық педагогиканы анықтаудың теориялық негізі бар деген ғылыми қағидат негізделген және оның жұмыс анықтамасы берілді. Аталмыш ғылыми қағидаттың жаңашылдығы жүргізілген ғылыми дәйектігімен келтірілді. Соның негізінде болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау жағдайында цифрлық педагог тұжырымдамалық модельдің ғылыми дәйектілігі айқын. Оның жаңашылдығы тұжырымдамалық модельдеуде мақсаттылық, әдіснамалық, мазмұндық, технологиялық және нәтижелік компоненттердің астарында цифрлық педагогиканы үйлесімді келтіре отырып, цифрлық педагогиканы қолданудың технологиясын әзірлемесін ғылыми түрде мақұлдайды. Жеті компоненттік технологияның астарында цифрлық педагог тұжырымдамалық моделінің компоненттері, педагогикалық шарттар, цифрлық ресурстар, диагностикалық құралдар, нәтижелігі кіріп, болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық

			педагогиканы қолданудың технологиясы жоғары білім берудегі парадигмалық өзгерістерді ескеретін цифрлық педагог тұжырымдамалық моделіне негіздейді.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияда келтірілген қорытындылар толығымен жаңа. Ізденуші ұсынған диссертациялық зерттеудің нәтижелері болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолдану бойынша теориялық дереккөздердің жеткілікті көлемін талдауға негізделген. Диссертацияда ұсынылған тұжырымдардың дұрыстығы мен сенімділігі эмпирикалық материалды зерттеу мен талдауға байланысты күмән тудырмайды.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін пайдаланылатын техникалық, технологиялық, экономикалық шешімдер толығымен жаңа және ғылыми тұрғыда негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс ауқымды, теориялық қағидаттардың практикалық верификациясы ұйымдастырылды және интерпретациясы ұсынылған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия;	7.1 Ұсынылған бірінші қағидат дәлелденді. Цифрлық педагогиканың теориялық негіздері айқындау ауқымды ғылыми деректерге, сыни әдеби шолуға, әдіснамалық тұғырларды зерделеу және Vosviewer бағдарламасы арқылы библиометриялық зерттеуге сүйене отырып, цифрлық педагогиканың жұмыс анықтамасы нақтыланды. 7.2 Тривиалды емес. Бірінші қағидаттың ғылыми жаңалығы толығымен ашылды. 7.3 Бірінші қағидат жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Бірінші қағидат ізденушінің 11 ғылыми еңбектерінде көрініс тапты, оның ішінде жарыққа шыққан 1 халықаралық конференциямен мен Scopus дерекқорына кіретін 1 шетелдік басылымдағы мақалада жарияланды. 7.1 Ұсынылған екінші қағидат дәлелденді. Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолданудың технологиясының әзірлемесі ғылыми

		2) жоқ	<p>тұрғыда дәлелденді. 7.2 Тривиалды емес. 7.3 Жаңа. 7.4 Қолдану аясы кең. 7.5 Екінші қағидат ізденушінің ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚҚ ұсынған ғылыми басылымдарда 4 мақалада жарияланды.</p> <p>7.1 Ұсынылған үшінші қағидат дәлелденді. Әзірленген технология цифрлық педагог тұжырымдамалық моделіне негізделді. 7.2 Тривиалды емес. Үшінші қағидаттың ғылыми жаңалығы толығымен ашылды. 7.3 Жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Үшінші қағидат ізденушінің халықаралық конференцияда шыққан 3 мақаласында жарияланды.</p> <p>7.1 Ұсынылған төртінші қағидат дәлелденді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері толығымен цифрлық педагогиканы қолданудың технологиясының тиімділігімен дәлелденді. 7.2 Тривиалды емес. Төртінші қағидаттың ғылыми жаңалығы толығымен ашылды. 7.3 Жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Төртінші қағидат ізденушінің 1 электронды оқу құралында және Scopus, Web of Science дерекқорына кіретін шетелдік басылымдағы 1 мақалада жарияланды.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған</p>	<p>Әдістеменің таңдауы негізделген және тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың бағдарламасы аясында нақты жазылған. Цифрлық педагогиканың теориялық негіздемесін анықтау үшін библиометриялық деректер талданды, ідеби шолу және жалпылау, модельдеу әдісі қолданылды. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың бағдарламасы әзірленіп, педагогикалық эксперимент жүргізілді. Оның анықтаушы кезеңдегі, қалыптастырушы және қорытындылау кезеңдерінің мазмұны бағдарлама көрініс тапты.</p> <p>Ия. Ғылыми библиометриялық деректерді зерттеу Vosviewer бағдарламасы қолданылды. Эмпирикалық деректер үшін педагогикалық эксперимент жүргізілді; сауалнама, тестілеу, орташа мәнді есептеу әдістеріне EXCEL қолданылды; талдаудың күрделінген статистикалық әдістерін SPSS бағдарламасы негізінде орындап, регрессиялық, сызықтық, индекс сияқты статистикалық модельдеуді икемді қолданды. Сауалнама <a href="https://my.forms.app/">https://my.forms.app/</a> әзірленді.</p> <p>Ия. Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолданудың технологиясының тиімділігі</p>

		<p>өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>педагогикалық эксперимент аясында орындалды. Ізденуші әзірлеген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс бағдарламасы негізінде эксперимент базасы Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің шетел тілі факультетінің «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының 4 курс студенттері таңдалды, саны бойынша – 92. Ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелерін оқу үдерісіне енгізу АКТімен расталды. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс кезеңдері оңтайлы жүргізілді. Анықтаушы кезеңде цифрлық сауаттылық индексі мен мамандыққа беріктілігін анықтайтын педагогикалық-психологиялық сауалнама регрессиялық статистикалық модельдеу арқылы верификациясы ұйымдастырылды. Қалыптастырушы кезеңі әзірленген технология тиімділігі ретінде цифрлық сауаттылық индексі арқылы жүргізілді. Технологияның барысы цифрлық ресурс ретінде электронды оқу құралы мен цифрлық платформа арқылы цифрлық педагогиканың орындалысын көздеді. Сонымен, ізденуші алдына қойған ғылыми нәтижелер педагогикалық экспериментт арқылы дәлелденді.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Педагогикалық, психологиялық, философиялық, шеттілдік білім беру теориясы бойынша ғылыми әдебиеттерге нақты және сенімді сілтемелермен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу үшін жеткілікті. Пайдалынған әдебиеттер тізімі 234 атаудан тұрады, оның 94-і шетел тілінде.</p>
9	<p>Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы бар. Ізденуші жоғары білім беру жүйесіндегі парадигматикалық өзгерістер жағдайында цифрлық педагогиканың теориялық негіздері анықталды. Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогика ұғымы нақтылады. Цифрлық педагог тұжырымдамалық моделі жасады. Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолдану технологиясы әзірледі. Болашақ шетел тілі мұғалімдерін дайындауда цифрлық педагогиканы қолдану технологиясының тиімділігі эксперименталды түрде тексерді.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану ықтималдығы жоғары. Зерттеу нәтижелерін ғылым, оқу үдерісінде</p>

		<p>мүмкіндігі жоғары:</p> <p><u>1) ия;</u></p> <p>2) жоқ</p>	<p>және "білім беру" бағытындағы болашақ мамандарды даярлау үшін қолдану мүмкіндігі бар, сонымен қатар ұсынылған цифрлық педагог тұжырымдамалық моделі жалпы түлек моделінің цифрлық құрылымдық негізі ретінде қарастыруға болады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p><u>1) толығымен жаңа;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады. "Шетел тілі: екі шетел тілі" мамандығына арналған "Digital pedagogy for Pre-service Teacher Education" электрондық оқу құралы мен "DigitalPedagogyLMS" цифрлық платформасы болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолданудың технологиясының цифрлық ресурстары бірінші рет ұсынылған.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p><u>1) жоғары;</u></p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы жоғары. Изденушінің диссертациясы ғылыми стильде әзірленген, диссертацияға қойылатын талаптарға сай жазылған.</p>

А.Е.Сейлханованың диссертациялық зерттеуінің нәтижелерін оң бағалай отырып, келесі ескертулер мен ұсыныстар жасау қажет деп санаймын:

- Техникалық кемшіліктер ретінде цифрлық сауаттылық түлек атрибутына қатысты зерделенген әлемдегі ауқымды шетелдік университет атауларын ағылшын тілінен диссертацияда таңдалған тілде, қазақ тілінде аудармаларын көрсеткен жөн болар еді.

- Изденуші ұсынған DigitalPedagogyLMS цифрлық платформаның практикалық құндылығы жоғары және оның авторлық функционалдары ұтымды әзірленген. Алайда, диссертацияда аталмыш платформаға баса көңіл аударғанда, жұмыстың тиімділігі одан да артар еді.

Анықталған ұсыныстар диссертацияның жоғары ғылыми деңгейі мен практикалық құндылығын төмендетпейді. Изденушінің зерттеу жұмысы жоғары ғылыми деңгейде орындалып, қол жеткізген ғылыми нәтижелері педагогика ғылым саласына, шетел тілінен даярлаудың теориясы мен әдістемесіне және барша ғылыми-педагогикалық қауымдастық үшін жаңашыл еңбек деп танымын. Сейлханова Айнур Ергалиевнаның 6D011900 - «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша жазылған «Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолданудың ғылыми-педагогикалық негіздері» атты диссертациясына оң пікірімді бере отырып, Айнур Ергалиевна Сейлхановаға философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

**Ресми рецензент:**

п.ғ.к.,

С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ доценті



Мейрамова С.А.